Бұл бөлімде принтерге сақталған құжаттарды жасау және басып шығару процедуралары берілген. Бұл тапсырмаларды кейінірек басып шығаруға немесе жеке басып шығаруға болады.

Бастамас бұрын

Тапсырманы сақтау мүмкіндігі келесі талаптарды қамтиды:

- Кемінде 16 Гбайт бос орны бар берілген USB 2.0 флеш-дискісін артқы USB портына орнату керек. Бұл USB флеш-дискісі принтерге жіберілетін тапсырмаларды сақтау тапсырмаларын сақтайды. Бұл USB флеш-дискісін принтерден алу тапсырмаларды сақтау мүмкіндігін ажыратады.
- HP Universal Print Driver (UPD) драйверін қолданатын болсаңыз, UPD 5.9.0 немесе жоғары нұсқасын қолдану керек.

Принтерді тапсырманы сақтайтын етіп орнату

Принтердің тапсырманы сақтау мүмкіндігін қосу үшін келесі процестерді орындаңыз.


Бірінші қадам: USB флеш-дискісін орнату

1. Артқы USB портын орналастырыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: кейбір үлгілерде артқы USB порты жабық болады. Жалғастырмас бұрын артқы USB порты қақпағын алыңыз.

2. USB флеш-дискісін артқы USB портына орнатыңыз.



Басқару панелінде **The USB drive will be formatted** (USB драйвері пішімделеді) хабары көрсетеді.

3. Процедураны аяқтау үшін, **OK** түймешігін басыңыз.

Екінші қадам: баспа драйверін жаңарту


Windows жүйесіндегі баспа драйверін жаңарту

1. **Start** (Бастау) түймешігін басып, **Devices and Printers** (Құрылғылар мен принтерлер) тармағын таңдаңыз.
2. HP принтерінің атауын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Printer Properties** (Принтер сипаттары) тармағын таңдаңыз.
3. **Properties** (Сипаттар) тілқатысу терезесінде **Device Settings** (Құрылғы параметрлері) қойындысын нұқыңыз.
4. **Update Now** (Қазір жаңарту) тармағын таңдап, **OK** түймешігін басыңыз. Принтер драйвері жаңартылады.

Жаңартылған принтер драйверінде **Job Storage** (Тапсырманы сақтау) қойындысы болады.


Сақталған тапсырма жасау (Windows)


Жеке немесе кідіріспен басып шығару үшін тапсырмаларды принтерге сақтаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Баспа драйвері мұнда көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін, бірақ орындау қадамдары бірдей.

1. Бағдарламалық құралда **Басып шығару** опциясын таңдаңыз.


2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдап алып, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Параметрлер) (атауы әр түрлі бағдарламаларда әр түрлі болады) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** түймешіктің атауы бағдарламаға қарай әр түрлі болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы мүмкіндіктерге Windows 8 не 8.1 нұсқасының «Бастау» экранынан кіру үшін **Құрылғылар** бөлімін таңдап, **Басып шығару** тармағын таңдаңыз, одан кейін принтерді таңдаңыз.



3. Тапсырма Сақтау Орны қойындысын басыңыз.



4. **Job Storage Mode** (Тапсырманы сақтау режимі) опциясын таңдаңыз.

Күй	Сипаттама	PIN арқылы қорғалған	Тапсырманы жою
Рақтау және ұстау	Басып шығару сапасын тексеру үшін құжаттың бірінші бетін басып шығарыңыз, одан кейін принтердің басқару тақтасынан қалған құжатты басып шығарыңыз	Жоқ	Тапсырма басып шығарылғаннан кейін немесе тапсырманы ұстап тұру шегіне жеткенде автоматты түрде жойылады.
Жеке жұмыс	Принтердің басқару тақтасынан сұрағанша, тапсырма басып шығарылмайды.	Иә (міндетті емес)	Тапсырма басып шығарылғаннан кейін немесе тапсырманы ұстап тұру шегіне жеткенде автоматты түрде жойылады.

Күй	Сипаттама	PIN арқылы қорғалған	Тапсырманы жою
Жылдам көшірме	Тапсырманың сұралған көшірмелер санын басып шығарыңыз, кейінірек қайта басып шығару үшін тапсырма көшірмесін принтердің жадына сақтаңыз.	Жоқ	Қолмен
Сақталған жұмыс	Тапсырманы принтерде сақтап, басқа пайдаланушыларға тапсырманы кез келген уақытта басып шығаруға мүмкіндік беріңіз.	Иә (міндетті емес)	Қолмен

5. Өзгертілмелі пайдаланушы атын немесе тапсырма атын пайдалану үшін, **Custom** (Өзгертілмелі) түймешігін басып, пайдаланушы атын немесе тапсырма атын енгізіңіз.

Егер басқа сақталған тапсырмада сондай ат болса, қандай опция пайдаланылатынын таңдаңыз:

- **Use Job Name + (1-99)** (Тапсырма атын + (1-99) пайдалану): тапсырма атының соңына бірегей сан қосыңыз.
- **Replace Existing File** (Бар файлды алмастыру): бар сақтаулы тапсырманы жаңасымен алмастырыңыз.

6. **Document Properties** (Құжат сипаттары) тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймешігін түртіңіз. Тапсырманы басып шығару үшін **Print (Басып шығару)** тілқатысу терезесіндегі **OK** түймешігін түртіңіз.

Сақталған тапсырманы басып шығару

Принтердің жадында сақталған тапсырманы басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. **Job Storage** (Тапсырма сақтау) тармағына жылжып, оны таңдаңыз.
3. **Job Folders** (Тапсырма қалталары) тізімінен пайдаланушы атын таңдаңыз. Сол пайдаланушы атымен сақталған тапсырмалар тізімі көрсетіледі.
4. Тапсырманың атауын таңдаңыз. Егер тапсырма жеке немесе шифрланған болса, PIN кодын немесе құпия сөзді енгізіңіз.
5. Көшірмелер санын реттеу үшін **Copies** (Көшірмелер) опциясын таңдап, көшірмелер санын енгізіңіз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
6. Тапсырманы басып шығару үшін **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.

Сақталған тапсырманы жою

Сақталған тапсырманы принтердің жадына жібергенде, принтер сондай пайдаланушы аты және тапсырма атауы бар бұрынғы кез келген тапсырмалардың үстіне жазады. Егер принтердің жады толса, принтердің басқару тақтасы **No more memory** (Басқа орын жоқ) деген хабарды көрсетеді және қосымша басып шығару тапсырмаларын сақтамастан бұрын, бұрынғы сақталған тапсырмалар жойылуы керек.

Принтердің жадында сақталған тапсырманы жою үшін осы процедураны пайдаланыңыз.

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. **Job Storage** (Тапсырма сақтау) тармағына жылжып, оны таңдаңыз.
3. **Job Folders** (Тапсырма қалталары) тізімінен пайдаланушы атын таңдаңыз. Сол пайдаланушы атымен сақталған тапсырмалар тізімі көрсетіледі.
4. Тапсырманың атауын таңдаңыз. Егер тапсырма жеке немесе шифрланған болса, PIN кодын немесе құпия сөзді енгізіңіз.
5. Тапсырманы жою үшін **Delete** (Жою) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Мобильді басып шығару

Кіріспе

HP компаниясы ноутбуктан, планшеттен, смартфоннан немесе басқа мобильді құрылғыдан HP принтері арқылы оңай басып шығаруға мүмкіндік беретін мобильді және электрондық басып шығару (ePrint) шешімдерін ұсынады. Толық тізімді көру және ең жақсы таңдауды анықтау үшін www.hp.com/go/LaserJetMobilePrinting сайтына өтіңіз.

- [Wi-Fi Direct және NFC басып шығару \(тек сымсыз үлгілер\)](#)
- [Электрондық пошта арқылы HP ePrint](#)
- [HP ePrint бағдарламалық құралы](#)
- [AirPrint](#)
- [Android ендірілген басып шығаруы](#)

Wi-Fi Direct және NFC басып шығару (тек сымсыз үлгілер)

Wi-Fi Direct және NFC (Жақын маңдағы байланыс) арқылы басып шығаруға болатын Wi-Fi (мобильді) мүмкіндігі бар құрылғыларға принтермен сымсыз маршрутизаторды пайдаланбай, сымсыз желімен тікелей байланысуға мүмкіндік береді.

Wi-Fi Direct және NFC мүмкіндіктері желіге немесе интернетке қосылмай, сымсыз мобильді құрылғыдан басып шығаруға мүмкіндік береді. NFC мүмкіндіктері құрылғы мен құрылғыны тигізу арқылы мобильді құрылғыларға бірге-бір басып шығару байланысын береді.



ЕСКЕРТПЕ: Барлық мобильді операциялық жүйелер қазір Wi-Fi Direct және NFC байланыс үлгілерінде қолданылмайды.

Мына құрылғылардан сымсыз басып шығару үшін **Wi-Fi Direct** мүмкіндігін пайдаланыңыз:

- Android ендірілген басып шығару шешімімен үйлесетін Android мобильді құрылғылары


Wi-Fi Direct арқылы басып шығару мүмкіндігі туралы қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/wirelessprinting веб-сайтына өтіңіз.

NFC және Wi-Fi Direct мүмкіндіктерін принтердің басқару тақтасынан қосуға немесе өшіруге болады.

Wi-Fi Direct мүмкіндігін қосу немесе ажырату

Wi-Fi Direct мүмкіндіктері алдымен принтердің басқару тақтасынан қосылуы керек.

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **Network Setup (Желіні орнату)**
 - **Wi-Fi Direct**
 - **Қосулы/өшірулі**
3. **On (Қосу)** мәзір тармағын таңдаңыз. **Off (Өшіру)** тармағын таңдағанда, Wi-Fi Direct арқылы басып шығару мүмкіндігін өшіреді.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Бір принтердің бірнеше моделі орнатылған орталарда Wi-Fi Direct арқылы басып шығаруға арналған принтерді анықтауды жеңілдету үшін әр принтерге бірегей Wi-Fi Direct кодын беру пайдалы болуы мүмкін. **OK** түймесін басып, мына мәзірлерді ашқан кезде Wi-Fi Direct атауы қолжетімді болады:

- **Network Setup (Желіні орнату)**
- **Wi-Fi Direct**
- **Wi-Fi Direct Name (Wi-Fi Direct атауы)**


Мына процедураны орындап, принтердің Wi-Fi Direct атауын HP ендірілген веб-сервері (EWS) арқылы өзгертіңіз:

Бірінші қадам: HP ендірілген веб-серверін ашу

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.
2. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XXXX/>

EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.

Екінші қадам: Wi-Fi Direct атауын өзгерту

1. **Networking** (Желіге қосылу) қойындысын таңдаңыз.
2. Сол жақ шарлау аймағындағы **Wi-Fi Direct Setup** (Wi-Fi Direct орнату) сілтемесін басыңыз.
3. **Wi-Fi Direct Name** (Wi-Fi Direct атауы) жолағына жаңа атау енгізіңіз.
4. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Электрондық пошта арқылы HP ePrint

Құжаттарды кез келген электрондық пошта қызметін қолданатын құрылғыдан электрондық хабардың тіркемесі ретінде принтердің электрондық пошта мекенжайына жіберу арқылы басып шығару үшін HP ePrint құралын пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті қолдану үшін принтердің микробағдарламасын жаңарту қажет болуы мүмкін.


HP ePrint функциясын қолдану үшін принтер мына талаптарға сай болуы керек:

- Принтер сымды немесе сымсыз желіге қосылған және интернетке кіру мүмкіндігі болуы керек.

- Принтерде HP Web Services қосылып тұруы және принтер HP Connected қызметіне тіркелген болуы керек.

HP Web Services қызметтерін қосу және HP Connected арқылы тіркеу үшін мына процедураны орындаңыз:

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.
2. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.



EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.

3. **HP Web Services** (HP веб-қызметтері) қойындысын ашып, **Enable** (Қосу) опциясын басыңыз. Принтер веб-қызметтерді қосады, одан кейін ақпараттық бетті басып шығарады.

Ақпараттық бетте HP өнімін HP Connected қызметіне тіркеуге қажетті принтер коды болады.

4. HP ePrint тіркелгісін жасау және параметрлерді орнату процесін орындау үшін www.hpconnected.com сайтына өтіңіз.

HP ePrint бағдарламалық құралы

HP ePrint бағдарламалық құралы Windows немесе Mac жұмыс үстелі компьютерінен немесе ноутбугынан кез келген HP ePrint бағдарламасын қолдайтын принтерде басып шығаруды жеңілдетеді. Бұл бағдарламалық құрал HP Connected есептік жазбаңызға тіркелген HP ePrint қосылған принтерлерді табуы жеңілдетеді. Мақсатты HP принтері кеңседе немесе дүние жүзіндегі бір орында орналасуы мүмкін.


- **Windows:** бағдарламалық құралды орнатқаннан кейін, қолданбадан **Print** (Басып шығару) опциясын ашыңыз да, орнатылған принтерлер тізімінен **HP ePrint** тармағын таңдаңыз. Басып шығару параметрлерін реттеу үшін **Properties (Сипаттап)** түймешігін басыңыз.
- **OS X:** бағдарламаны орнатудан кейін **File (Файл), Print (Басып шығару)** тармағын таңдаңыз, одан кейін **PDF** жанындағы көрсеткіні (драйвер экранының төменгі сол жағында) таңдаңыз. **HP ePrint** бағдарламасын таңдаңыз.

Windows жүйесі үшін HP ePrint бағдарламалық құралы UPD PostScript® қолдайтын принтерлер үшін желідегі (жергілікті желі немесе WAN) жергілікті принтерлерде TCP/IP басып шығаруды қолдайды.

Windows және OS X жүйелерінің екеуі де ePCL қолдайтын жергілікті желіге немесе WAN желісіне қосылған принтерде IPP басып шығаруды қолдайды.

Сондай-ақ, Windows және Mac жүйелерінің екеуі де PDF құжаттарын жалпы басып шығару орындарында және HP ePrint бағдарламасын пайдаланып электрондық пошта арқылы бұлт көмегімен басып шығаруды қолдайды.

Драйверлер мен ақпаратты алу үшін www.hp.com/go/eprintsoftware бетіне өтіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ePrint бағдарламалық құралы — Mac жүйесіне арналған PDF жұмыс үрдісінің қызметтік бағдарламасы және техникалық тұрғыдан принтер драйвері емес.


 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ePrint бағдарламасын USB басып шығаруды қолдамайды.

AirPrint

Apple AirPrint арқылы iOS 4.2 не одан кейінгі нұсқасы үшін және OS X 10.7 Lion және одан кейінгі нұсқалары іске қосылған Mac компьютерлерінен тікелей басып шығарылады. iPad, iPhone (3GS немесе одан кейінгі) немесе сенсорлы iPod (үшінші буыны немесе одан кейінгі) құрылғысында келесі мобильді қолданбалардан принтерге тікелей басып шығару үшін AirPrint функциясын қолданыңыз:

- Mail (Пошта)
- Фотосуреттер
- Safari
- iBooks
- Таңдаулы үшінші тарап қолданбалары

AirPrint функциясын қолдану үшін принтер Apple құрылғысы сияқты бірдей желіге (қосымша желі) қосылған болуы керек. AirPrint функциясын қолдану және AirPrint функциясымен үйлесімді HP принтерлері туралы қосымша ақпарат алу үшін, www.hp.com/go/LaserJetMobilePrinting сайтына кіріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** AirPrint функциясын USB байланысымен пайдаланбай тұрып, нұсқа нөмірін тексеріңіз. AirPrint 1.3 және одан бұрынғы нұсқалары USB байланыстарын қолдамайды.

Android ендірілген басып шығаруы

Android және Kindle жүйелеріне арналған HP бекітілген басып шығару шешімі Wi-Fi Direct басып шығару үшін мобильді құрылғыларға желідегі немесе сымсыз байланыс ауқымындағы HP принтерлерін автоматты түрде тауып, солар арқылы басып шығаруға мүмкіндік береді.

Принтер Android құрылғысы сияқты бірдей желіге (қосымша желі) қосылған болуы керек.

Басып шығару шешімі қолдау көрсетілетін операциялық жүйелерге кіреді, сондықтан драйверлерді орнату немесе бағдарламалық құралды жүктеу қажет емес.

Android жүйесіне ендірілген баспаны пайдалану жолы мен қолдау көрсетілетін Android құрылғыларының түрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/LaserJetMobilePrinting мекенжайына өтіңіз.

5 Принтерді басқару

- [Принтердің байланыс түрін өзгерту \(Windows\)](#)
- [HP ендірілген веб-сервері \(EWS\) және HP құрылғысының құралдар жинағы \(Windows\) көмегімен кеңейтілген конфигурациялау](#)
- [OS X жүйесіне арналған HP қызметтік бағдарламасының көмегімен қосымша реттеу](#)
- [IP желі параметрлерін реттеу](#)
- [Принтердің қауіпсіздік мүмкіндіктері](#)
- [Қуат үнемдеу параметрлері](#)
- [HP Web Jetadmin](#)
- [Микробағдарламаны жаңарту](#)

Қосымша ақпарат алу үшін:

Келесі ақпарат жариялау уақытында дұрыс болады. Ағымдағы ақпаратты www.hp.com/support/ljM402, www.hp.com/support/ljM403 бөлімінен қараңыз.

Принтер бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

Принтердің байланыс түрін өзгерту (Windows)

Принтерді бұрыннан пайдаланып жатсаңыз және қазір оның байланысу жолын өзгерту керек болса, байланысты өзгерту үшін компьютердегі **Reconfigure your HP Device** (HP құрылғысын қайта конфигурациялау) таңбашасын пайдаланыңыз. Мысалы, принтерді басқа сымсыз мекенжайды пайдаланатын етіп қайта реттеуге, сымды не сымсыз желіге қосуға немесе желі байланысынан USB байланысына өзгертуге болады. Параметрлерді принтердің ықшам дискісін салмастан өзгертуге болады. Орнату керек байланыс түрін таңдағаннан кейін, бағдарлама тікелей принтердің өзгертілетін орнату процедурасы орналасқан бөлігіне өтеді.


HP ендірілген веб-сервері (EWS) және HP құрылғысының құралдар жинағы (Windows) көмегімен кеңейтілген конфигурациялау


Ендірілген веб-серверді басып шығару функцияларын принтердің басқару тақтасынан емес, өзіңіздің компьютерден басқару үшін пайдаланыңыз.

- Принтер күйі туралы ақпаратты көру
- Барлық жабдықтардың қалған қолдану мерзімдерін анықтап, жаңаларына тапсырыс беріңіз
- Науа конфигурацияларын қараңыз және өзгертіңіз
- Принтердің басқару тақтасының мәзір конфигурациясын қараңыз және өзгертіңіз
- Ішкі беттерді көріңіз және басып шығарыңыз
- Принтер мен жабдықтар материалдарына байланысты оқиғалар жөнінде ескертпе алыңыз
- Желі конфигурациясын көру және өзгерту

HP ендірілген веб-сервері принтер IP негізделген желіге қосылғанда жұмыс істейді. HP ендірілген веб-сервері IPX негізделген принтер байланыстарын қолдамайды. HP ендірілген веб-серверін ашу және пайдалану үшін интернеттің болуы шарт емес.

Принтер желіге қосылғанда, HP ендірілген веб-сервері автоматты түрде қолжетімді болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP Device Toolbox — принтер компьютерге USB арқылы қосылған кезде HP ендірілген веб-серверіне қосылу үшін пайдаланылатын бағдарламалық құрал. Принтер компьютерге орнатылған кезде толығымен орнатылса ғана қолжетімді болады. Принтердің жалғану әдісіне байланысты кейбір мүмкіндіктер қолжетімді болмауы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ендірілген веб-сервері (EWS) желі брендмауэрінен тыс қол жетімді болмайды.


Бірінші әдіс: «Бастау» мәзірінен HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу


1. **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Программы** (Бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.
2. HP принтерлер тобын басып, **HP Device Toolbox** (HP құрылғысының құралдар жинағы) элементін таңдаңыз.

Екінші әдіс: Веб-браузерден HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.

2. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
Негізгі қойындысы Принтер, мәртебе және конфигурация жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етеді.	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғы күйі: принтердің күйін көрсетеді және HP жабдықтарының күтілген қалған қызмет мерзімін көрсетеді.• Жабдықтар күйі: HP жабдықтарының қалған күтілген жұмыс мерзімін көрсетеді. Картридждің қалған нақты жұмыс мерзімі әртүрлі болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, ауыстырылатын жабдықты дайындап қойған дұрыс. Баспа сапасы жарамсыз болып кетпесе, жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ.• Құрылғы конфигурациясы: принтердің конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.• Желілік аңдатпа: принтердің желілік конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.• Есептер: принтер шығаратын конфигурация және жабдық күйі беттерін басып шығарады.• Job Storage Log (Жұмыс сақтау журналы): принтердің жадына сақталған барлық тапсырмалардың жиынтығын көрсетеді.• Түстерді пайдалану журналы: принтер шығарған түрлі түсті тапсырмалардың жиынтығын көрсетеді. (Түрлі түсті принтерлерге ғана арналған)• Event log (Оқиғаларды тіркеу журналы): принтердің барлық оқиғалары мен қателіктерінің тізімін көрсетеді.

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
<p>Жүйе қойындысы</p> <p>Принтерді компьютеріңізден конфигурациялауға мүмкіндік береді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Device Information (Құрылғы туралы ақпарат): принтер және компания туралы негізгі ақпаратты береді. • Қағаз орнату: принтер үшін әдепкі қағаз беру және жинау құрылғысының параметрлерін өзгертеді. • Print Quality (Басып шығару сапасы): принтер үшін әдепкі басып шығару сапасы параметрлерін өзгертеді. • Energy Settings (Қуат параметрлері): ұйқы/авто өшіру режиміне немесе қуатты автоматты түрде өшіру режиміне өтудің әдепкі уақыттарын өзгертеді. • Job Storage Setup (Жұмыс сақтау параметрлері): принтерге арналған тапсырма сақтау параметрлерін реттейді. • Print Density (Басып шығару тығыздығы): контрасттардың, ерекшеліктердің, аралық реңктердің және көлеңкелердің баспа тығыздығын өзгертеді • Paper Types (Қағаз түрлері): принтер қабылдайтын қағаз түрлеріне сәйкес келетін басып шығару режимдерін реттейді. • Жүйе параметрі: принтердің жүйелік стандартты параметрлерін өзгертеді. • Supply Settings (Жабдық параметрлері): Cartridge is low (Картридж сиясы аз) ескертулерінің және басқа жабдықтарға арналған ақпараттың параметрлерін өзгертеді. • Service (Қызмет): принтердің тазалау қызметін орындайды. • Save and Restore (Сақтау және қалпына келтіру): принтердің ағымды параметрлерін компьютердегі файлға сақтайды. Осы файлды пайдаланып, бірдей параметрлерді басқа принтерге жүктеңіз немесе бұл параметрлерді принтерге кейінірек қайтарыңыз. • Administration (Басқару): принтер құпия сөзін орнатады немесе өзгертеді. Принтер мүмкіндіктерін қосыңыз немесе өшіріңіз. <p>ЕСКЕРТПЕ: Жүйе қойындысы құпия сөзбен қорғалған болуы мүмкін. Егер бұл принтер желіде болса, осы қойындыдағы параметрлерді өзгертпес бұрын әрқашан жүйе әкімшісімен кеңесіңіз.</p>
<p>Басып шығару қойындысы</p> <p>Әдепкі басып шығару параметрлерін компьютеріңізден өзгерту мүмкіндігін береді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Басып шығару: принтердің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгертеді. Бұл опциялар басқару панелінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. • PCL 5c: PCL5c параметрлерін көру және өзгерту. • PostScript: Print PS Errors мүмкіндігін іске қосыңыз немесе ажыратыңыз.
<p>Факс (Факс) қойындысы:</p> <p>(Факсты принтерлерге ғана арналған)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Receive Options (Қабылдау параметрлері): принтердің кіріс факстарын басқару жолын реттейді. • Phone Book (Телефон кітапшасы): өнімнің телефон кітапшасындағы жазбаларды қосады, түзетеді немесе жояды. • Junk Fax List (Жарнамалық факстер тізімі): принтерге факс жіберу мүмкіндігін бұғаттау үшін факс нөмірлерін береді. • Fax Activity Log (Факс журналы): принтердің соңғы факс әрекеттерін тексереді.

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
<p>Scan (Сканерлеу) қойындысы</p> <p>(Көпфункционалы принтерлерге ғана арналған)</p>	<p>Scan to Network Folder (Желілік қалтаға сканерлеу) және Scan to E-mail (Электрондық поштаға сканерлеу) мүмкіндіктерін реттеуге болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Network Folder Setup (Желі қалтасын орнату): принтер сканерленген файлдарды сақтай алатын желідегі қалталарды реттейді. • Scan to E-mail Setup (Электрондық поштаға сканерлеуді орнату): Scan to E-mail (Электрондық поштаға сканерлеу) мүмкіндігін реттеу үшін процесті бастаңыз. • Outgoing E-mail Profiles (Шығыс электрондық пошта профилдері): принтерден жіберілетін барлық электрондық хаттар үшін «кімнен» мекенжайы ретінде пайда болатын электрондық пошта мекенжайын орнатады. • Default SMTP Configuration (Әдепкі SMTP конфигурациясы): SMTP сервері туралы ақпаратты реттейді. • E-mail Address Book (Электрондық пошта мекенжайы): электрондық поштасының мекенжай кітапшасындағы жазбаларды қосады, түзетеді немесе жояды. • Network Contacts Setup (Желілік контактілер орнату): желілік мекенжай кітабына қосылатын етіп принтерді реттейді. • E-mail Options (Электрондық пошта опциялары): әдепкі тақырып жолы мен негізгі мәтінді реттейді. электрондық пошталардың әдепкі сканерлеу параметрлерін реттейді.
<p>Желіге қосылу қойындысы</p> <p>(Желіге қосылған принтерлерге ғана арналған)</p> <p>Желілік параметрлерді компьютеріңізден өзгерту мүмкіндігін береді.</p>	<p>Желілік әкімшілер принтер IP негізделген желісіне қосылғанда оның желісіне қатысты параметрлерді бақылау үшін осы қойындыны пайдаланады. Сондай-ақ, ол желі әкімшісіне сымсыз Wi-Fi Direct мүмкіндігін орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойынды принтер тікелей компьютерге жалғанғанда шығарылмайды.</p>
<p>HP Web Services (HP веб қызметтері) қойындысы</p>	<p>Принтермен бірге әр түрлі веб-құралдарды орнату және пайдалану үшін осы қойындыны қолданыңыз.</p>

OS X жүйесіне арналған HP қызметтік бағдарламасының көмегімен қосымша реттеу

Принтер күйін тексеру немесе компьютерден принтердің параметрлерін көру не болмаса өзгерту үшін HP утилитасын пайдаланыңыз.

Принтер USB кабелімен жалғанғанда немесе TCP/IP негізінде істейтін желіге жалғанғанда, HP утилитасын пайдалануға болады.

HP утилитасын ашыңыз

1. Компьютерде **System Preferences** (Жүйе теңшелімдері) мәзірін ашып, **Print & Fax** (Басып шығару және факс), **Print & Scan** (Басып шығару және сканерлеу) немесе **Printers & Scanners** (Принтерлер және сканерлер) тармағын басыңыз.
2. Тізімнен принтерді таңдаңыз.
3. **Options & Supplies (Опциялар мен жабдықтар)** түймешігін басыңыз.
4. **Utility (Утилита)** қойындысын басыңыз.
5. **Open Printer Utility (Принтер утилитасын ашу)** түймешігін басыңыз.

HP утилитасының функциялары

HP қызметтік бағдарламасының құралдар тақтасында мыналар бар:

- **Құрылғылар:** HP қызметтік бағдарламасы тапқан Mac өнімдерін көрсету немесе жасыру үшін осы түймені басыңыз.
- **Барлық параметрлер:** HP қызметтік бағдарламасының негізгі көрінісіне оралу үшін осы түймені басыңыз.
- **HP қолдауы:** Шолғышты ашу және HP қолдау веб-торабына өту үшін осы түймені басыңыз.
- **Жабдықтар:** HP SureSupply веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Тіркеу:** HP тіркеу веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.
- **Өңдеу:** HP Planet Partners өңдеу бағдарламасының веб-торабын ашу үшін осы түймені басыңыз.

HP қызметтік бағдарламасы **All Settings** (Барлық параметрлер) тізімін басу арқылы ашылатын беттерден тұрады. Келесі кестеде HP қызметтік бағдарламасының көмегімен орындауға болатын тапсырмалар сипатталады.

Нөмірі	Сипаттама
Жабдықтар күйі	Принтер жабдықтарының күйін көрсетіп, жабдықтарға желіде тапсырыс беру сілтемелерін қамтамасыз етеді.
Құрылғы туралы ақпарат	Қазіргі уақытта таңдалған принтер туралы ақпаратты, соның ішінде, принтердің қызметтік идентификаторын (тағайындалған болса), микробағдарлама нұсқасын (FW нұсқасы), сериялық нөмірін және IP мекенжайын көрсетеді.
Пәрмендер	Баспа тапсырмасынан кейін принтерге арнайы таңбаларды немесе баспа командаларын жіберіңіз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл параметр тек View (Көрініс) мәзірін ашып, Show Advanced Options (Кеңейтілген параметрлерді көрсету) элементін таңдағаннан кейін қолжетімді болады.

Нөмірі	Сипаттама
Түстерді пайдалану (Түрлі түсті принтерлерге ғана арналған)	Принтер шығаратын түрлі түсті тапсырмалар туралы ақпаратты көрсетіңіз.
Файлды жүктеу	Файлдарды компьютерден принтерге жіберіңіз. Төмендегі файл түрлерін жүктеуге болады: <ul style="list-style-type: none"> HP LaserJet принтер пәрмендерінің тілі (.PRN) Portable document format (.PDF) Postscript (.PS) Мәтін (.TXT)
Қуатты басқару	Принтердің үнемдеу параметрлерін реттеңіз.
Енгізілген бағдарламалық құралды жаңарту	Принтерге микробағдарламаны жаңарту файлын жіберіңіз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл параметр тек View (Көрініс) мәзірін ашып, Show Advanced Options (Кеңейтілген параметрлерді көрсету) элементін таңдағаннан кейін қолжетімді болады.
HP Connected	HP Connected веб-сайтына кіреді.
Қаріптерді жүктеу	Қаріптерді компьютерден принтерге жүктейді.
Хабарлар орталығы	Принтерде орын алған қате оқиғаларын көрсетеді.
Дуплекстеу режимі	Автоматты екі жақты баспа режимін қосады.
Желі параметрлері (Желіге қосылған принтерлерге ғана арналған)	IPv4 параметрлері, IPv6 параметрлері, Bonjour параметрлері және басқа параметрлер сияқты желілік параметрлерді реттейді.
Жабдықтарды басқару	Жабдықтардың жобаланған қызмет мерзімі аяқталуға жақындаған кездегі принтердің әрекет ету параметрлерін реттейді.
Науалардың конфигурациясы	Науалардың әрқайсысы үшін қағаз өлшемі мен түрін өзгертеді.
Қосымша параметрлер	Принтер үшін HP ендірілген веб-серверін ашады. ЕСКЕРТПЕ: USB байланыстарына қолдау көрсетілмейді.
Прокси сервер параметрлері	Принтердің прокси серверін реттеңіз.
Негізгі факс параметрлері (тек MFP факс үлгілерінде)	Факс бөліміндегі жолақтарды және принтердің келген қоңырауларға жауап беруін реттейді.
Факсты қайта бағыттау (тек MFP факс үлгілерінде)	Принтерді келген факстарды басқа нөмірге жіберетін етіп қояды.
Факс журналдары (тек MFP факс үлгілерінде)	Барлық факстардың журналдарын көрсетеді.
Факстағы жылдам терулер (тек MFP факс үлгілерінде)	Факс нөмірлерін жылдам теру тізіміне қосады.
Керексіз факстарды бұғаттау (тек MFP факс үлгілерінде)	Бұғаттағыңыз келетін факс нөмірлерін сақтайды.

Немірі	Сипаттама
Электрондық поштаға сканерлеу (Көпфункционалы принтерлерге ғана арналған)	Электрондық поштаға сканерлеу параметрлерін реттеу үшін HP ендірілген веб-сервері бетін ашады.
Желідегі қалтаға сканерлеу (Көпфункционалы принтерлерге ғана арналған)	Желілік қалтаға сканерлеу параметрлерін реттеу үшін HP ендірілген веб-сервері бетін ашады.

IP желі параметрлерін реттеу

- [Кіріспе](#)
- [Принтерді бірлесіп пайдалануға байланысты жауапкершіліктен бас тарту](#)
- [Желі параметрлерін көру немесе өзгерту](#)
- [Желідегі принтердің атауын өзгерту](#)
- [IPv4 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз](#)
- [Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері](#)

Кіріспе

Принтердің желі параметрлерін реттеу үшін келесі бөлімдерді пайдаланыңыз.


Принтерді бірлесіп пайдалануға байланысты жауапкершіліктен бас тарту


HP бір рангтік желіні қолдамайды, себебі бұл мүмкіндік Microsoft операциялық жүйелерінің және HP принтер драйверлерінің функциясы емес. Microsoft компаниясының www.microsoft.com сайтына өтіңіз.

Желі параметрлерін көру немесе өзгерту

IP мекенжайын конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.
 - ә. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.


Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.


2. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісін басыңыз. Параметрлерді қалауыңызша өзгертіңіз.

Желідегі принтердің атауын өзгерту

Ерекше белгілеу мақсатында желідегі принтердің атауын өзгерту үшін HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.


1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.
 - ә. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.

 <https://10.10.XX.XXX/>

 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.

2. **System (Жүйе)** қойындысын ашыңыз.
3. **Device Information** (Құрылғы туралы ақпарат) бетінде әдепкі принтер атауы **Device Status** (Құрылғы күйі) өрісінде болады. Осы атты өзгертіп, бұл принтерді бірегей етіп анықтауға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** осы беттегі басқа жолдарды толтыру міндетті емес.
4. Өзгерістерді сақтау үшін **Apply (Қолдану)** түймесігін басыңыз.

IPv4 TCP/IP параметрлерін басқару тақтасын қолмен реттеңіз


Басқару тақтасы мәзірлерін IPv4 мекенжайын, желі бөлігінің маскасын және стандартты шлюзді қолмен орнату үшін пайдаланыңыз.


1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **Network Setup (Желіні орнату)**
 - **IPv4 Config Method (IPv4 конфигурация әдісі)**
 - **Manual (Қолмен орындау)**
3. IP мекенжайын, ішкі желі маскасын және әдепкі шлюзді енгізу үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып, **OK** түймесігін басыңыз және өзгерістерді сақтау үшін **OK** түймесігін басыңыз.

Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл ақпарат тек Ethernet желілеріне ғана қатысты. Оның сымсыз желілерге қатысы жоқ.

Баспа серверінің сілтеме жылдамдығы мен байланыс режимі желі хабына сәйкес болуы тиіс. Көп жағдайларда принтерді автоматты режимде қалдырыңыз. Байланыс жылдамдығы және дуплекстеу параметрлерін дұрыс өзгертпеу принтердің басқа желілік құрылғылармен байланысына кедергі жасауы мүмкін. Өзгерістер енгізу үшін принтердің басқару тақтасын пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтердің параметрі желілік құрылғының (желілік хаб, қосқыш, шлюз, маршрутизатор немесе компьютер) параметріне сәйкес келуі керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы параметрлерге өзгерістер енгізу принтердің өшіп, қайта қосылуына әкеледі. Өзгерістерді принтер бос тұрғанда ғана енгізіңіз.

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **Network Setup (Желіні орнату)**
 - **Байланыс жылдамдығы**
3. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:
 - **Автоматты:** баспа сервері өзін автоматты түрде желіде рұқсат етілген ең жоғарғы сілтеме жылдамдығы және байланыс режиміне орнатып реттейді.
 - **10T Full (10T толық):** 10 мегабайт/секунд (МБ/сек), толық дуплексті жұмыс
 - **10T Half (10T жарты):** 10 МБ/сек, жартылай дуплексті жұмыс
 - **100TX Full (100TX толық):** 100 Мб/сек, толық дуплексті жұмыс
 - **100TX Half (100TX жарты):** 100 Мб/сек, жартылай дуплексті жұмыс
 - **1000T Full (1000T толық):** 1000 Мбит/сек, толық дуплексті жұмыс
4. **OK** түймесін басыңыз. Принтер өшіп, қайта қосылады.

Принтердің қауіпсіздік мүмкіндіктері

Кіріспе


Принтерде конфигурация параметрлеріне кіруге құқылы пайдаланушыларды шектейтін, деректерді қорғайтын және маңызды аппараттық құралдар компоненттеріне қол жеткізудің алдын алатын бірнеше қауіпсіздік мүмкіндігі бар.


- [HP ендірілген веб-серверін пайдаланып жүйенің құпия сөзін тағайындау немесе өзгерту](#)
- [Пішімдеушіні құрсаулау](#)

HP ендірілген веб-серверін пайдаланып жүйенің құпия сөзін тағайындау немесе өзгерту

Рұқсаты жоқ пайдаланушылар принтер параметрлерін өзгерте алмауы үшін, принтерге және HP ендірілген веб-серверіне өтуге арналған әкімші құпия сөзін тағайындаңыз.


1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз:
 - a. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін **Network Setup** (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, **Show IP Address** (IP мекенжайын көрсету) тармағын таңдаңыз.
 - ә. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару тақтасындағыдай теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.



 **ЕСКЕРТПЕ:** EWS қызметін ашқан кезде веб-браузер **There is a problem with this website's security certificate** (Бұл веб-сайттың қауіпсіздік сертификатына қатысты бір мәселе бар) хабарламасын көрсетсе, **Continue to this website (not recommended)** (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын басыңыз.

Continue to this website (not recommended) (Бұл веб-сайтты ашуды жалғастыру (ұсынылмайды)) опциясын таңдау HP принтері үшін EWS қызметінде шарлау барысында компьютерге зиян келтірмейді.

2. **System** (Жүйе) қойындысында сол жақ шарлау тақтасындағы **Administration** (Басқару) сілтемесін басыңыз.
3. **Product Security** (Өнім қауіпсіздігі) деп белгіленген аумақта құпия сөзді **Password** (Құпия сөз) жолына енгізіңіз.
4. Құпия сөзді **Confirm Password** (Құпия сөз растау) жолына қайта енгізіңіз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Кілтсөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Пішімдеушіні құрсаулау

Пішімдеу құралында қауіпсіздік кабелін тағу үшін пайдалануға болатын ұяшық бар. Пішімдеу құралын құлыптау ішінен маңызды компоненттерінің шығарылуының алдын алады.

Қуат үнемдеу параметрлері

- [Кіріспе](#)
- [EconoMode режимімен басып шығару](#)
- [Реттеуден кейін ұйқы/авто өшіруді орнату](#)
- [Кідірістен кейін өшіру таймерін орнатып, принтерді 1 Ватт не одан аз қуат пайдаланатын етіп реттеңіз](#)
- [Кідірісті өшіру параметрін орнату](#)

Кіріспе

Принтерде қуат пен жабдықтарды үнемдейтін бірнеше үнемдеу мүмкіндігі бар.

EconoMode режимімен басып шығару

Бұл принтерде құжаттардың жобаларын басуға арналған үнемдеу режимі мүмкіндігі бар. Үнемдеу режимін пайдалану тонерді азырақ қолдануы мүмкін. Алайда, Үнемдеу режимі баспа сапасын да төмендетеді.

HP компаниясы EconoMode режимін үнемі пайдалануды ұсынбайды. EconoMode режимі үнемі пайдаланған жағдайда, тонер картриджіндегі механикалық бөліктер тонер жабдығынан ерте тозуы мүмкін. Баспа сапасы төмендей бастап, қанағаттанарлық болмаса, тонер картриджін ауыстырған жөн.



ЕСКЕРТПЕ: бұл мүмкіндік принтер драйверінде болмаса, оны HP ендірілген веб-серверін пайдаланып орнатуға болады.

1. Бағдарламалық құралда **Басып шығару** опциясын таңдаңыз.
2. Принтерді таңдап, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Параметрлер) түймесін басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) қойындысын таңдаңыз.
4. **EconoMode** құсбелгі көзін белгілеңіз.

Реттеуден кейін ұйқы/авто өшіруді орнату


Принтер ұйқы режиміне өтпестен бұрын, күту уақыты белгілеу үшін басқару тақтасының мәзірлерін пайдаланыңыз.

Ұйқы/Автоматты өшіру параметрін өзгерту үшін мына процедураны орындаңыз:

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **System Setup** (Жүйе параметрі)
 - **Қуат параметрлері**
 - **Ұйықтау/автоматты өшу**
3. Ұйқы/авто өшу кідірісіне арналған уақытты таңдау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланып, **OK** түймесін басыңыз.

Кідірістен кейін өшіру таймерін орнатып, принтерді 1 Ватт не одан аз қуат пайдаланатын етіп реттеңіз

Принтер өшпестен бұрын, уақыт мөлшерін белгілеу үшін басқару тақтасының мәзірлерін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер өшкен соң, қуат 1 Ватт не одан аз тұтынылады.

Кідірістен кейін өшіру параметрін өзгерту үшін мына процедураны орындаңыз:

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **System Setup (Жүйе параметрі)**
 - **Қуат параметрлері**
 - **Өшіру уақыты**
3. Кідірістен кейін өшіру уақытын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Әдепкі мән — **4 сағат**.

Кідірісті өшіру параметрін орнату

Қуат түймесі басылғаннан кейін принтер сөндіруді кідіртетін-кідіртпейтінін таңдау үшін басқару тақтасының мәзірлерін пайдаланыңыз.

Кідірісті өшіру параметрін өзгерту үшін мына процедураны орындаңыз:

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін түртіңіз.
2. Мына мәзірлерді ашыңыз:
 - **System Setup (Жүйе параметрі)**
 - **Қуат параметрлері**
 - **Кідірісті өшіру**
3. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:
 - **Кідіріссіз:** Кідірістен кейін өшіру параметрімен анықталған әрекетсіздік уақытынан кейін принтер өшеді.
 - **Портта қосулы кезде:** Бұл опция таңдалғанда, барлық порттар өшпейінше принтер өшпейді. Қосулы желі байланысы немесе факс байланысы принтердің өшуіне жол бермейді.

HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin — желіге қосылған түрлі HP өнімдерін, соның ішінде принтерлерді, көп қызметті принтерлерді, сандық жіберу құралдарын тиімді басқаруға арналған жоғары марапаттарға ие, алдыңғы қатарлы құрал. Осы шешім ғана қашықтан орнату, бақылау, техникалық қызмет көрсету, ақауларды жою және басып шығару мен кескіндеу ортасын қауіпсіз ету мүмкіндіктерін береді. Солай уақытты үнемдеуге, шығындарды басқаруға және салымдарды қорғауға көмектесіп, бизнес өнімділігін арттырады.

Белгілі бір өнім мүмкіндіктерін қолдау мақсатында HP Web Jetadmin жаңартулары жасалып отырады. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/webjetadmin сайтына өтіңіз.

Микробағдарламаны жаңарту


HP кезеңдік принтер жаңартуларын, жаңа веб-қызметтер қолданбаларын және бар веб-қызметтер қолданбалары үшін жаңа мүмкіндіктерді ұсынады. Бір принтер үшін мына қадамдарды орындап, принтердің микробағдарламасын жаңартыңыз. Микробағдарламаны жаңартқанда веб-қызмет қолданбалары автоматты түрде жаңартылады.

Бұл принтерде микробағдарламаны жаңартуды орындауға қолдау көрсетілетін екі әдіс бар. Принтердің микробағдарламасын жаңарту үшін келесі әдістердің біреуін ғана пайдаланыңыз.


Бірінші әдіс: микробағдарламаны басқару тақтасын пайдаланып жаңарту

Микробағдарламаны басқару тақтасынан жүктеу (желіге қосылған өнімдерде ғана) және/немесе принтерді болашақ микробағдарлама жаңартуларын автоматты түрде жүктеуге орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз. USB арқылы қосылған принтерлер үшін екінші әдіске өтіңіз.


1. Принтер белсенді интернет қосылымы бар сымды (Ethernet) немесе сымсыз желіге қосылғанын тексеріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Микробағдарламаны желілік қосылым арқылы жаңарту үшін принтер интернетке қосылған болуы керек.

2. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басып, **Setup** (Параметрлерді орнату) мәзірін ашыңыз.
3. **Service (Қызмет)** мәзіріне жылжып, ашыңыз, одан кейін **LaserJet Update (LaserJet жаңарту)** мәзірін ашыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** егер **LaserJet Update (LaserJet жаңарту)** параметрі тізімде жоқ болса, екінші әдісті пайдаланыңыз.

4. Жаңартуларды тексеру үшін **Check for Update** (Жаңартуды тексеру) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер жаңартудың бар-жоғын автоматты түрде тексереді және жаңарақ нұсқа анықталса, жаңарту процесі автоматты түрде іске қосылады.

5. Принтерді жаңартулар қолжетімді болғанда микробағдарламаны автоматты түрде жаңартатын етіп орнатыңыз.


Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басып, **Setup** (Параметрлерді орнату) мәзірін ашыңыз.

Service (Қызмет) мәзіріне жылжып, оны ашыңыз, **LaserJet Update (LaserJet жаңарту)** мәзірін ашыңыз, одан кейін **Manage Updates (Жаңартуларды басқару)** мәзірін таңдаңыз.

Allow Updates (Жаңартуларға рұқсат ету) параметрін **YES (ИӘ)** мәніне қойыңыз да, **Automatic Check (Автоматты тексеру)** параметрін **ON (ҚОСУЛЫ)** күйіне қойыңыз.

Екінші әдіс: микробағдарламаны жаңарту утилитасын пайдаланып микробағдарламаны жаңарту

HP.com веб-сайтынан микробағдарламаны жаңарту утилитасын қолмен жүктеу және орнату үшін осы қадамдарды пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл әдіс — тек компьютерге USB кабелі арқылы жалғанған принтерлер үшін микробағдарламаны жаңарту параметрі. Сондай-ақ, ол желіге қосылған принтерлерде жұмыс істейді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осы әдісті пайдалану үшін баспа драйвері орнатылуы қажет.

1. www.hp.com/go/support сайтына өтіп, **Drivers & Software** (Драйверлер және бағдарламалар) сілтемесін басыңыз, сосын іздеу жолына принтердің атауын енгізіп, **ENTER** түймесін басыңыз да, іздеу нәтижелерінің тізімінен принтерді таңдаңыз.
2. Операциялық жүйені таңдаңыз.
3. **Firmware (Микробағдарлама)** бөлімінде **Firmware Update Utility (Микробағдарламаны жаңарту утилитасы)** тармағын табыңыз.
4. **Download (Жүктеу)** түймешігін, **Run (Орындау)** түймешігін, одан кейін **Run (Орындау)** түймешігін қайтадан басыңыз.
5. Утилита іске қосылғанда ашылмалы тізімнен принтерді таңдаңыз да, **Send Firmware** (Микробағдарламаны жіберу) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: жаңарту процесінің алдында немесе одан кейін орнатылған микробағдарлама нұсқасын тексеру мақсатында конфигурация бетін басып шығару үшін **Print Config (Конфигурацияны басып шығару)** параметрін басыңыз.

6. Экрандағы нұсқауларды орындап орнатуды аяқтаңыз, одан кейін утилитаны жабу үшін **Exit** (Шығу) түймешігін басыңыз.

6 Проблемаларды шешу

- [Тұтынушыларды қолдау](#)
- [Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді қалпына келтіру](#)
- [Принтердің басқару тақтасында «Cartridge is low» \(Картридж деңгейі төмен\) немесе «Cartridge is very low» \(Картридж деңгейі өте төмен\) хабары көрсетіледі](#)
- [Принтер қағазды алмайды немесе дұрыс бермейді](#)
- [Кептелген қағаздарды шығару](#)
- [Баспа сапасын жақсарту](#)
- [Сымсыз желі мәселелерін шешу](#)
- [Сымсыз желі қиындықтарын шешу \(сымсыз модельдерге ғана арналған\)](#)

Қосымша ақпарат алу үшін:

Келесі ақпарат жариялау уақытында дұрыс болады. Ағымдағы ақпаратты www.hp.com/support/ljM402, www.hp.com/support/ljM403 бөлімінен қараңыз.

Принтер бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

Тұтынушыларды қолдау

Еліңізге/аймағыңызға арналған телефон қолдауын алу	Ел/аймақ телефон нөмірлері принтеріңіздің қорабында болған флаерде немесе www.hp.com/support/ сайтында бар.
Принтер атауын, сериялық нөмірін, сатып алынған күнін және проблемалардың сипаттамаларын дайындап қойыңыз	
24 сағат бойы Интернет арқылы қолдау алу және бағдарламалық құрал утилиталары мен драйверлерін жүктеп алу	www.hp.com/support/ljM402 , www.hp.com/support/ljM403
Қосымша HP қызмет көрсетуіне немесе қызмет келісімдеріне тапсырыс беру	www.hp.com/go/carepack
Принтерді тіркеу	www.register.hp.com

Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді қалпына келтіру

Зауытта орнатылған стандартты параметрлерді қалпына келтіру принтер және желі параметрлерінің барлығын зауыттағы стандартты мәндерге қайтарады. Ол бет санағын немесе науа өлшемін қалпына келтірмейді. Принтердің зауыттық параметрлерін қайтару үшін осы қадамдарды орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Зауытта орнатылған стандартты параметрлерді қалпына келтіру параметрлердің барлығын зауыттағы стандартты параметрлерге қайтарады, сондай-ақ, ол жадта бар барлық беттерді жояды.

1. Принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін басыңыз.
2. **Service** (Қызмет) параметрін таңдаңыз.
3. **Restore Defaults** (Әдепкілерін қалпына келтіру) опциясын таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Принтер автоматты түрде қайта іске қосады.

Принтердің басқару тақтасында «Cartridge is low» (Картридж деңгейі төмен) немесе «Cartridge is very low» (Картридж деңгейі өте төмен) хабары көрсетіледі

